



АУДАН ӘКІМІ – ІС БАСЫНДА

ЕГІСТІКТЕРДІ АРАЛАП, ШАРУАЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Жуырда аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы ауылдық округтерді аралап, ауыл шаруашылығы саласында атқарылып жатқан жұмыстармен және жүзеге асырылып жатқан ірі инвестициялық жобалардың құрылысымен етене танысты. Бірқатар шаруа қожалықтың егістік алқаптарына барып, жұмыс барысын көрді. Инвестициялық жобалардың құрылысына жауапты мердігерлермен және кәсіпкерлермен кездесті.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Алдымен өңір басшысы «Тастөбе» шаруа қожалығының егістік алқабына табан тіреді. Шаруашылықта биыл 20 гектар жерге қант қызылшасы, 40 гектарға картоп, 65 гектарға пияз және 20 гектарға бакша дақылдары егілді. Шаруашылықтың жалпы жер көлемі 297 гектарды құрайды. Оның 230 гектары



егістік, 35 гектары суармалы жер болса, 67 гектары жайылымдық жер. Қожалықта су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында заманауи су үнемдеу

технологиялары кеңінен пайдаланылады. 90 гектар алқапта тамшылатып суару жүйесі қолданылса, 20 гектар жер жаңбырлатып суару әдісімен суарылады.

→ 5

МЕЖЕ МЕН МІНДЕТ

БАСТЫ МІНДЕТ –

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ



Ерлан ҚЫДЫРАЛЫҰЛЫ,
Жамбыл ауданының әкімі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған экономиканы әртараптандыру, инвестиция тарту, ауылдық аумақтарды дамыту, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі міндеттер аудан көлемінде кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді.

Экономикалық көрсеткіштердің тұрақты өсуі, жаңа жұмыс орындарының ашылуы, кәсіпкерліктің дамуы мен ауыл шаруашылығындағы оң өзгерістер

Жамбыл ауданы бүгінде облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуында өзіндік орны бар, өндірісі өркендеп, ауыл шаруашылығы қарқын алған, инвестициялық әлеуеті жылдан-жылға артып келе жатқан аудандардың бірі саналады. Соңғы жылдары өңірде жаңа өндіріс орындары іске қосылып, ауыл-аймақтарда инженерлік инфрақұрылым жаңартылып, тұрғындарды баспанамен қамту, жолдарды жөндеу, әлеуметтік нысандар салу бағытында ауқымды жұмыстар қолға алынды.

аудан әлеуетінің артып келе жатқанын айғақтайды. Бұл – жүйелі жоспардың, нақты міндеттердің және жергілікті атқарушы билік жұмысының нәтижесі.

Бүгінде өнеркәсіп өндірісі 2,9 пайызға, ауыл шаруашылығы 9,1 пайызға, негізгі капиталға салынған инвестиция 2,6 пайызға, құрылыс жұмыстары 0,1 пайызға, сауда көлемі 2,6 пайызға өссе, тұрғын үй құрылысының көлемі де өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда артқан. Бұл көрсеткіштер аудан экономикасының тұрақты дамып келе жатқанын көрсетеді.

Аудан экономикасында өнеркәсіп өндірісінің алар орны ерекше. Бұл сала тек өндірілген өнім көлемінің артуымен ғана емес, жаңа жұмыс орындарының ашылуымен, өңірдің экспорттық әлеуетінің көтерілуімен де маңызды. Ауданда соңғы жылдары өндірістік кәсіпорындарды қолдау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Бүгінгі таңда 12 шағын өнеркәсіп нысаны тұрақты жұмыс істеуде. Олардың қатарында «Амангелді мұнай өңдеу

зауыты», «Супер Фарм» медициналық бұйымдар шығаратын өндіріс орны және «Кнауф Гипс Тараз» кәсіпорны бар. Бұл кәсіпорындар аудан экономикасының дамуына серпін беріп қана қоймай, жүздеген тұрғынды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Алты айдың қорытындысы бойынша өнеркәсіп саласында 25,1 миллиард теңгенің өнімі өндіріліп, нақты көлем индексі 102,9 пайызды құраған. Бұл көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өсімнің сақталғанын аңғартады. Жалпы өндіріс көлемін ұлғайту бағытындағы жұмыстар екінші жартыжылдықта да жалғасады.

Өнеркәсіптің дамуы өңір экономикасының өзге салаларына да оң әсерін тигізуде. Өндіріс орындарының көбеюі көлік-логистика қызметтерінің дамуына, шағын және орта бизнестің жандануына, бюджет кірісінің ұлғаюына мүмкіндік беріп отыр.

→ 2-3

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!

ИССАПАР

Бүгінде елді мекендердің тазалығына баса көңіл аударылып келеді. Барлық өңірде «Жасыл белдеу» бағдарламасы, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы шеңберінде тазалық жұмыстары жүйелі жүргізіліп, түрлі ағаш көшеттері отырғызылуда. Бұл өз кезегінде қоршаған ортаны таза ұстауға әрі табиғатты аялауға сеп болуда.

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ – АУДАНЫМЫЗДА

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Осыны қаперге алған облыстық мәслихаттың депутаттары Арылбек Қораласбаев, Жанат Бастаубаева, облыстық мәслихат аппаратының бас инспекторы Рустам Айдынбеков ауданымызға арнайы іссапармен келіп, бірқатар ауылдық округтерді аралап көрді. «Жасыл белдеу» бағдарламасы, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы және өзге де мемлекеттік бағдарламалар аясында атқарылған жұмыстарға назар аударып, жергілікті атқарушы билік пен тұрғындар тарапынан жасалған ілкімді істерді оң бағалады.

→ 3



«Таза Қазақстан» жобасы қоғамға экологиялық мәдениеттің жаңа талаптарын енгізу идеясынан бастау алады. Жобаның

жүзеге асуына, ең алдымен, әкімдер жауапты. Ауқымды тазалық шарасына халық та барынша қолдау білдіріп келеді. Әсіресе, жастар белсенді. Бұлар мұның кезекті бір науқан емес, озық ойлы қоғам қалыптастыру жолындағы идеологиялық платформа екенін түсінді. Сондықтан да тазалықты сақтау және табиғатты аялау ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігіне айналды.

«ТАЗАЛЫҚ – БАРШАҒА ОРТАҚ МІНДЕТ»,

– ДЕДІ АУДАН ӘКІМІ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГТЕРДІ АРАЛАУ БАРЫСЫНДА

Шұғыла АҚШАБАЙ

Осыған баса мән берген аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы Тоғызтарау, Ернарар, Өрнек ауылдық округтеріне арнайы барып, елді мекендердің санитарлық жағдайы мен тазалығына назар аударды. Ауылдардағы көшелерді, қоғамдық орындарды жаяу аралап, абаттандыру және тазалық жұмыстарымен танысты. Жергілікті тұрғындармен тілдесіп, қоршаған ортаны таза ұстаудың маңызын айтып, ауыл тұрғындарын «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына белсенді қатысуға шақырды.

→ 5

Соңы. Басы 1-бетте

БАСТЫ МІНДЕТ –

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Кез келген өңірдің экономикалық әлеуеті тартылған инвестиция көлемімен өлшенеді. Бұл тұрғыда ауданда оң өзгерістер байқалады. Жеке инвесторлардың қызығушылығы артып, жаңа кәсіпорындардың құрылысы қолға алынуда.

Алғашқы жартыжылдықта капиталға салынған инвестиция көлемі 21 миллиард 293 миллион теңгеге жеткен. Оның ішінде жеке инвестициялар көлемі 19 миллиард 167 миллион теңге. Бұл – жалпы инвестицияның 90 пайызы.

Сондай-ақ биыл жалпы құны 65 миллиард теңгені құрайтын 14 ірі инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Бұл жобалардың нәтижесінде 258 жаңа жұмыс орны ашылады. Бүгінде Көлқайнар ауылдық округінде «АзНұр» шаруа қожалығының тәулігіне сегіз тонна сүт өндіретін заманауи тауарлы-сүт фермасы толық іске қосылып, өндірістік жұмысын бастап кетті. Ал Ақбастау ауылдық округінде кәсіпкер Шавкат Рыжыбаевтың жылына 240 мың құс өсіретін ет бағытындағы фабрикасының құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Қажетті құрал-жабдықтардың басым бөлігі жеткізіліп, шетелдік мамандар монтаж жұмыстарын жүргізуде.

Сонымен қатар халықаралық «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізі бойында «Таң Петроил» жауапкершілігі шектеулі



акционерлік қоғамының жаңа электр стансасының құрылысы жүргізілуде. Бұл жоба өңірдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқармақ.

Сондай-ақ Біріккен Араб Әмірлігінің «JuruMasdag» компаниясы жоғары кернеулі электр желілерін тартуды қолға алған. Ал «ГЭСМЫРЗАТАЙ» серіктестігі жүзеге асыратын бұғаз электр стансасы болашақта өңірдегі ең ірі энергетикалық жобалардың біріне айналмақ.

Аудан аумағында балық шаруашылығы, көкөніс сақтау қоймасы, спорттық-атқыштар кешені, мал бордақылау алаңы, құс фабрикасы, жолаушыларға қызмет көрсету орталығы сияқты

миллиард 120,3 миллион теңгені құрап, нақты көлем индексі 109,1 пайызға жеткен. Оның ішінде мал шаруашылығы өнімдері 11 миллиард 526 миллион теңгені құраса, өсімдік шаруашылығының көрсеткіші 249,8 миллион теңгеге жетіп, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда екі еседен астам өсім көрсеткен.

Биыл 51 мың 739 гектар алқапқа ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылған. Оның ішінде күздік бидай, жаздық арпа, жүгері, қант қызылшасы, картоп, көкөніс және мал азығы дақылдары егілген. Қазіргі уақытта егін орағы қызу жүргізіліп, алғашқы нәтижелер де көңіл қуантады. Бүгінге дейін мыңдаған тонна астық пен көкөніс жиналып, гектар берекесі де жоспардан төмен емес.

Ауыл шаруашылығын жаңғырту бағытындағы жұмыстар техника паркін жаңартумен қатар жүргізілуде. Алты ай ішінде шаруалар 431,4 миллион теңгеге 63 ауыл шаруашылығы техникасын сатып алған. Бұл көктемгі және күзгі дала жұмыстарын дер кезінде жүргізуге мүмкіндік береді.

Суармалы жерлердің тиімділігін арттыру үшін каналдарды тазалау, бетондау және су реттегіш құрылғыларын орнату жұмыстары да жалғасуда. Еуропалық қайта құру және даму банкінің қаржысы есебінен жалпы ұзындығы 67,5 шақырым болатын су арналары жаңғыртылуда. Мұндай жобалар алдағы уақытта сутапшылығы мәселесін азайтып, егістік өнімділігін арттыруға ықпал етпек.

Ауыл шаруашылығын қолдаудың тағы бір маңызды бағыты – игерілмей жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтару. Бұл бағыттағы жоспар алты айдың өзінде артығымен орындалған. Нәтижесінде мыңдаған гектар жер мемлекет қорына қайтарылып, алдағы уақытта тиімді пайдалануға мүмкіндік жасалмақ.

Сонымен бірге «Ауыл аманаты» жобасы арқылы ауыл тұрғындарының кәсіп бастауына жағдай жасалуда. Жыл басынан бері осы бағдарлама аясында бірқатар жоба қаржыландырылып, ауыл кәсіпкерлеріне жаңа мүмкіндік берілген. Бұдан бөлек, «Аграрлық несиелік корпорациясы» мен «ҚазАгроҚаржы» арқылы ондаған шаруашылық жеңілдетілген несиелік қол жеткізген.

Қазіргі таңда ауданда шағын және орта кәсіпкерлік қарқынды дамуда. Бұл сала тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтып қана қоймай, аудан экономикасының өсіміне де айтарлықтай үлес қосуда.

Бүгінгі күні ауданда 5667 шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істейді. Бұл кәсіпорындарда 9851 адам еңбек етеді. Ал олардың өндірген өнім көлемі 20,8 миллиард теңгеге жеткен. Кәсіпкерлерге инженерлік инфрақұрылым тарту, мемлекеттік бағдарламалар арқылы жеңілдетілген несиелік беру, жер телімдерін рәсімдеу мәселелері тұрақты бақылауда. Мұның бәрі кәсіпкерліктің дамуына қолайлы

Әлеуметтік осал топтарға арналған тұрғын үйлерді сатып алуға бюджеттен 323,2 миллион теңге бөлінді. Тұрғын үй сертификаттарын беру жұмыстары да жалғасып, алғашқы жарнаны төлеуге қаржылай қолдау көрсетілуде.

Ауданда жер теліміне де сұраныс жоғары. Қазіргі таңда бұл мәселені шешу үшін жаңа тұрғын алқаптарына қажетті инженерлік желілер тартылып жатыр. Соның нәтижесінде биылдың өзінде мыңнан астам жер телімі азаматтарға берілді.

Гродеково ауылында жаңа тұрғын үй массивіне су, газ, электр желісі мен жол құрылысына қажетті жобалық-сметалық құжаттар толық әзірленіп,



орта қалыптастырып отыр.

Жаңа инвестициялық жобалардың дені де жеке кәсіпкерлердің бастамасымен жүзеге асырылуда. Бұл ауданның бизнеске қолайлы өңірге айналып келе жатқанын көрсетеді.

Халықтың тұрмыс сапасын арттырудың маңызды көрсеткіштерінің бірі – тұрғын үймен қамтамасыз ету. Бұл бағытта да жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде тұрғын үй кезегінде 2729 азамат тұр. Оның ішінде жетім балалар, көпбалалы отбасылар, әлеуметтік осал топтар мен мемлекеттік қызметкерлер бар. Биыл ауданда 23 мың 923 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. «Отбасы банк» арқылы бірқатар отбасы жаңа баспананың кілтін ие болды. Маусым айында 120 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға беріліп, тұрғындарға салтанатты түрде табысталды.

мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Бұл жоба жүзеге асқан жағдайда тағы 438 отбасы жер теліміне қол жеткізеді.

Әлеуметтік саланың маңызды бағыттарының бірі – бұқаралық спортты дамыту мен мәдениет ошақтарының әлеуетін арттыру. Бұл ретте соңғы жылдары тұрғындардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, жастардың спортпен шұғылдануына және мәдени өмірге белсенді араласуына жағдай жасауға басымдық беріліп келеді.

Бүгінгі таңда ауданда 117 спорт нысаны халық игілігіне қызмет көрсетеді. Олардың қатарында орталық стадион, спорт кешендері, теннис корты, үлкен және шағын футбол алаңдары, волейбол мен баскетбол алаңшалары, сондай-ақ стритворкаут алаңдары бар. Соның нәтижесінде аудан тұрғындарының 45,3 пайызы тұрақты түрде дене шынықтыру



серіктестігінің сервистік кешені кезек-кезеңімен пайдалануға берілуде. Қазіргі таңда жанармай құю стансасы жұмысын бастап, асхана мен қонақ үй құрылысы жалғасып жатыр.

Ауданда алдағы жылдары бірнеше стратегиялық маңызы бар жобалар жүзеге асырылады. Солардың бірі – «Кнауф Гипс Тараз» зауытын кеңейту. Бұл жобаға 14,5 миллиард теңге инвестиция салынып, өндіріс көлемі бірнеше есеге ұлғаяды деп жоспарланған. Зауыт іске қосылғаннан кейін жылына 22 миллион шаршы метр гипсокартон өнімдерін шығарып, 100 жаңа жұмыс орнын ашады. Қазіргі таңда құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Сонымен бірге табиғи газ тарту, теміржол түйігін салу бағытындағы жұмыстар да қатар атқарылып жатыр.

Бұдан бөлек, Әуликөл ауылында «КЕГОС»

бірқатар жаңа жобалардың құрылысы басталған. Бұл кәсіпорындардың іске қосылуы аудан экономикасына тың серпін беріп, жүздеген тұрғынды тұрақты жұмыспен қамтуға мүмкіндік жасайды.

Жамбыл ауданы ежелден аграрлы өңір ретінде танылған. Сондықтан ауыл шаруашылығы саласын дамыту аудан экономикасының негізгі басымдықтарының бірі болып қала береді. Соңғы жылдары мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаудың, жеңілдетілген несиелердің және жаңа технологиялардың енгізілуінің нәтижесінде бұл салада оң өзгерістер байқалып отыр. Мал шаруашылығының өнімділігі артып, егін алқаптарының көлемі ұлғайып, ауыл еңбеккерлерінің табысы көбейіп келеді.

Биылғы жылдың алғашқы алты айында ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 12



БАСТЫ МІНДЕТ – ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

және спортпен айналысады. Биыл Тастөбе ауылындағы жаңа спорт кешені пайдалануға беріледі. Айшабибі, Рахат, Жасөркен, Ащыбұлақ, Ерназар, Аса елді мекендеріндегі футбол алаңдары жөнделіп, жаңа балалар ойын алаңдары орнатылды. Бұл жұмыстар ауыл балаларының спортпен айналысуына қолайлы жағдай жасап қана қоймай, салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал етуде.

Мәдениет саласында да ауқымды жұмыстар қолға алынған. Қазіргі таңда аудан халқына бір аудандық мәдениет үйі, төрт ауылдық мәдениет үйі, он ауылдық клуб, жиырма екі кітапхана мен музей қызмет көрсетеді. Бесағаш және Ш.Ниязбеков ауылдарындағы жаңа мәдениет үйлерінің құрылысы аяқталып, пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр. Қаракемер ауылдық кітапханасы табиғи газға қосылып, мәдениет нысандарының материалдық-техникалық базасы жаңартылуда.

Жастар саясаты – қоғамның болашағына салынған инвестиция. Жастарды жұмыспен қамтуға, кәсіпкерлікке баулуға, қоғамдық жұмыстарға тартуға және олардың шығармашылық



әлеуетін дамытуға ерекше назар аударылған.

Бүгінде ауданда 14 пен 35 жас аралығындағы 17 мыңнан астам жас тұрады. Бұл аудан халқының үштен бірінен астамын құрайды.

Жыл басынан бері жүзге жуық жас тұрақты жұмыспен қамтылып, қоғамдық жұмыстарға, жастар практикасына және кәсіптік оқыту бағдарламаларына тартылған. «Бастау Бизнес» жобасы арқылы жас кәсіпкерлердің жаңа бастамаларына қолдау

көрсетілуде.

Алты ай ішінде төрт жүзден астам еріктілік іс-шарасы ұйымдастырылып, оған бес мыңнан астам жас қатысқан. Жастар арасында «Кітап ал – кітап сыйла», «Coffee Time», «АуылBAУ», «Қараоке кеші», интеллектуалдық ойындар мен ұлттық спорт түрлерінен жарыстар тұрақты өткізілуде.

Әлеуметтік қолдау бағытында ерекше балалар тәрбиелеп отырған ата-аналарға психологиялық

көмек көрсетіліп, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға түрлі әлеуметтік жобалар жүзеге асырылуда. Жас отбасыларға арналған неке кию рәсімдерін ұйымдастыру кабинеті жұмыс істеп, Ащыбұлақ ауылында қыздарға арналған фитнес залы ашылған.

Қоғамдық қауіпсіздік мәселесі де – басты назарда. Бұл бағыттағы жұмыстар тұрғындардың тыныс-тіршілігін қауіпсіз әрі жайлы етуге бағытталған.

Биыл төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында бірнеше ауылға заманауи құлақтандыру жүйелері орнатылады. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қомақты қаржы бөлініп, бірқатар елді мекендер мен әскерге шақыру пунктіне бейнебақылау камералары қойылған.

Аудандық полиция бөлімі жаңа байланыс құралдарымен жабдықталып, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аудандық бөліміне заманауи дрон сатып алу жоспарланған. Полиция бөлімінде профилактикалық кабинет ашылып, қажетті техникалармен қамтамасыз етілген. Жалпы, мұндай шаралардың барлығы құқық бұзушылықтың алдын

алуға, қоғамдық тәртіпті нығайтуға және тұрғындардың қауіпсіздігін арттыруға бағытталған.

Алдағы кезеңде де инвестициялық жобаларды жүйелі жүзеге асыру, жаңа өндірістерді іске қосу, ауыл шаруашылығын жаңғырту, инженерлік инфрақұрылымды жетілдіру, әлеуметтік нысандардың құрылысын жалғастыру және халықтың әл-ауқатын арттыру бағытындағы жұмыстар қарқыны бәсеңдемейді.

Алты айдың қорытындысы – жай ғана статистикалық мәліметтердің жиынтығы емес. Бұл – өңірдің нақты даму бағытын көрсететін көрсеткіштер. Бір жағынан өндіріс пен инвестиция көлемі артып жатса, екінші жағынан ауыл шаруашылығы дамып, әлеуметтік инфрақұрылым жақсарып келеді. Ауылдарға ауыссу мен газ толық жеткізіліп, жаңа мектептер, мәдениет үйлері мен спорт кешендері салынуда. Осындай кешенді жұмыстардың нәтижесінде ауданымыз инвестиция тартуға қолайлы, халықтың өмір сүруіне жайлы әрі болашағына сеніммен қарайтын өңір ретінде қалыптасып келеді.



Соңы. Басы 1-бетте

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ – АУДАНЫМЫЗДА

Әуелі халық қалаулылары Тоғызтарау ауылына барды. 2024-2026 жылдары елді мекенде «Жасыл белдеу» бағдарламасы, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы шеңберінде тиянағын тапқан тірліктерді назарға алды. Жергілікті жұртшылық өз күшімен ауылдың кіреберісіне, яғни, сол жақ қапталынан бөлінген жерге түрлі жеміс көшеттерін отырғызып, бос жерді бақшаға айналдырғанын көрді. Оң қапталда егілген қараағаш көшеттерінің бүгінгі жай-күйіне де назар салды.

– «Бірлік барда – тірлік бар». Ауыл тұрғын-



дарының баршаға ортақ игілікті істен тыс қалмай, біркөсідей үн қосып, үлес қосуы қуантады. Бұл бақша алдағы уақытта жемісін беріп жатса, игілігін тұрғындардың өзі көреді. Өзге ауылдарға үлгі болатындай іс жасапсыздар, – деді Жанат Әбдуәлиқызы.

Келесі кезекте облыстық мәслихат депутаттары Өрнек ауылындағы жаңа әкімшілік ғимаратын, жөндеуден өткен саябақты, Аса ауылындағы «Балдырған» балабақшасын, аудандық орталық кітапхананың жаңа ғимаратын аралап көріп, тыныс-тіршілігімен танысты. Мәдени демалыс кешенінің ауласында егілген ағаш көшеттерінің қазіргі жай-күйіне мән берді.

Ауданымызға арнайы келген халық қалаулылары өңірде ел игілігі үшін жасалған жұмыстарға оң бағасын беріп кетті.

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамызДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ
ПЫСЫҚТАЛДЫ

Жуырда облыстық аумақтық сайлау комиссиясының кеңейтілген кеңесінде 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауын ұйымдастыру және өткізу мәселелері қаралды.

Кеңесте аумақтық сайлау комиссиялары төрағаларының сайлауға дайындық барысы туралы есептері тыңдалып, бірқатар нақты тапсырмалар берілді.

Кеңес барысында сайлауды әзірлеу барысында атқарылып жатқан жұмыстар сараланып, алдағы міндеттер айқындалды.

Кеңес отырысында сайлау учаскелерінің дайындығына ерекше назар аударылды. Атап айтсақ, барлық сайлау учаскелеріндегі телефон және интернет байланысының сапалы жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сайлау күні ақпараттық жүйелердің үздіксіз жұмыс істеуіне қажетті жағдай жасау міндеттелді. Анықталған кемшіліктерді жою үшін байланыс операторларымен және жауапты мекемелермен бірлескен жұмыстар жүргізу жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

Сонымен қатар сайлаушыларды ақпараттандыру барысында бірқатар міндеттер белгіленді. Аумақтық сайлау комиссияларына сайлаушыларға

шақыру қағаздарын тарату жұмыстары бекітілген алгоритмге сәйкес жүргізіліп, сайлаушыларға сайлау учаскесінің орналасқан жері, учаске шекараларындағы өзгерістер және дауыс беру тәртібі туралы толық ақпарат беру тапсырылып, бұл жұмыстарды тиімді ұйымдастыру мақсатында учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің, волонтерлердің және полиция қызметкерлерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету жүктелді.

Сайлау инфрақұрылымын жетілдіру мәселелері де назардан тыс қалмады. Жаңадан құрылған және шекарасы өзгертілген сайлау учаскелері туралы ақпаратты азаматтарға уақтылы жеткізу, сайлау учаскелеріндегі маңдайшалар мен ақпараттық тақтайшалардың талапқа сәйкестігін тексеру, қажет болған жағдайда оларды жаңарту тапсырылды.

Бұдан бөлек, сайлау комиссияларының толық құраммен жұмыс істеуін қамтамасыз ету, комиссия құрамдарындағы бос орындарды

заңнама талаптарына сәйкес толықтыру, сайлау учаскелерін қажетті полиграфиялық өнімдермен және кеңсе тауарларымен қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

Кеңес барысында мүгедектігі бар азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз етуге ерекше мән берілді. Осы бағытта құрылған жұмыс тобының қызметін жүйелі түрде ұйымдастыру, азаматтардың сайлау процесіне кедергісіз қатысуына жағдай жасау және атқарылған жұмыстарға тұрақты мониторинг жүргізу міндеттелді.

Сондай-ақ сайлау комиссиялары мүшелерін оқыту мәселесіне де басымдық берілді. Аумақтық және учаскелік сайлау комиссиялары мүшелеріне арналған семинарларға резервте тұрған азаматтардың қатысуын қамтамасыз ету, оқу процесін сапалы ұйымдастыру, семинар өтетін орындардың техникалық дайындығын қамтамасыз ету міндеттері белгіленді.

Комиссия отырысының қорытындысы бойынша барлық жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар беріліп, олардың орындалу мерзімдері айқындалды.

Облыстық аумақтық сайлау комиссиясы.

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамызСАЙЛАУШЫЛАР
ТІЗІМДЕРІНДЕ ӨЗІҢІЗДІ
ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Әрбір азамат өзі туралы сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді оның тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелерінің үй-жайларында дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап тексере алады.

Әскери бөлімдерде, шалғай және қатынасу қиын аудандарда, демалыс үйлерінде, санаторийлік-курорттық ұйымдарда, үздіксіз жұмыс істейтін өндірісі бар ұйымдарда, жұмысты вахталық әдіспен ұйымдастыру орындарында, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктерінің жанынан құрылған сайлау учаскелерінде сайлаушылар

тізімдермен дауыс беру күніне бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 17 тамыздан бастап таныса алады.

Тізімге енгізілмеген, дұрыс енгізілмеген немесе тізімнен шығарып тасталған, сондай-ақ дәлсіздік жіберілген жағдайда азамат сайлау комиссиясына сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді түзету қажеттігі туралы шағымдануға құқылы.

Түзетуді немесе тізімге енгізуді сайлау комиссиясы дереу жүргізеді. Сайлау комиссиясы өтініш мақұлданабаған жағдайда азаматқа оның өтінішінің мақұлданабағаны туралы уәжді шешімнің көшірмесін береді. Шешім бойынша сайлау комиссиясы орналасқан жердегі сотқа шағым жасалуы мүмкін, сот шағымды келіп түскен күні қарайды.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

ҚҰРЫЛТАЙ
23 августаКАК ПРОВЕРИТЬ
СЕБЯ В СПИСКАХ
ИЗБИРАТЕЛЕЙ?

23 августа 2026 года состоятся выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.

Каждый гражданин вправе проверить данные о себе в списках избирателей за пятнадцать дней до дня голосования или с 7 августа 2026 года в помещениях избирательных комиссий по месту своего проживания.

На избирательных участках, образованных в воинских частях, отдаленных и труднодоступных районах, в домах отдыха, в санаторно-курортных организациях, в организациях с непрерывно действующим производством, в местах организации труда вахтовым методом, специальных учреждений, обеспечивающих временную изоляцию от общества, при загранучреждениях Республики Казахстан в иностранных государствах избиратели могут ознакомиться со списками за пять дней до дня

голосования или с 17 августа 2026 года.

При невключении, неправильном включении или исключении из списка, а также допущении неточности, гражданин вправе подать заявление в избирательную комиссию о необходимости исправления данных в списках избирателей.

Исправление или включение в список производится избирательной комиссией немедленно. В случае отклонения заявления избирательная комиссия безотлагательно выдает гражданину копию мотивированного решения об отклонении его заявления. Решение может быть обжаловано в суде по месту нахождения избирательной комиссии, суд рассматривает жалобу в день ее поступления.

Голосуй за обновление!

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҢЫЗДЫ

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу – аса маңызды әрі баршаға ортақ жауапты міндет. Өйткені балалардың құқықтары заңмен қорғалады. Дегенмен оң-солын танып үлгермеген жасөспірімдер білместікпен шалыс басып, заңды бұзып, жауапкершілікке тартылып жатса, үйдегі ата-ана да, мектеп те жауапты болады. Жағдайға қарай, бала да, ата-ана да, өзгелер де заңмен жазаланады. Сондықтан да алдын алу шараларына баса көңіл бөлініп келеді.

Заң арқылы жасөспірімдер арасында қылмысты болдырмауда, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, қоғамдық тәртіпті сақтауда жедел-профилактикалық іс-шаралардың маңызы зор. Сөзімізді салмақтай түссек, аудан аумағында жасөспірімдердің арасында қылмыстылық жағдайын тұрақтандыруға арналған жедел алдын алу іс-шараларына сәйкес аудандық полиция бөлімі «Балалардың

қауіпсіздігі» жедел профилактикалық іс-шарасын өткізді.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмысты ескерту, оның алдын алу, білім беру ұйымдарының оқушылары арасындағы құқық бұзушылықты анықтау, жолын кесу, жасөспірімдердің құқықтарын қорғау, құқықтық сауаттылығын арттыру, балаларға қатысты қылмыстық қол сұғушылықтың алдын алу көзделген

шарада тәртіп сақшылары мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың қызметкерлерімен бірлесіп әрекет етті. Арнайы жасақталған жұмысшы топ жасөспірімдер көп жиналатын орындарға, заңмен белгіленген қауіпті аймақтарға бас сұғып, тексеру жүргізді. Жасөспірімдердің тәрбиесіне жауапты тұлғалармен жүздесіп, өз міндеттерін дұрыс орындамайтын заңды өкілдер заңмен жауапкершілікке тартылатынын, заң аясында шара қолданылатынын жете түсіндірді.

Кәмелетке толмағандар арасында қылмыстың алдын алуға, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жедел-профилактикалық іс-шаралар алдағы уақытта да өтеді.

«Шұғыла»-ақпарат

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ – МІНДЕТ

Жемқорлық қоғамдағы әділдік қағидаттарын әлсіретіп, заңның үстемдігіне кері әсер етеді. Сондықтан оған қарсы күрес тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі болып саналады.

КЕЛЕҢСІЗДІККЕ ҚАРСЫ ҮЗДІКСІЗ КҮРЕС ҚАЖЕТ

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу ең алдымен әр адамның адалдығы мен азаматтық ұстанымынан басталады. Заң талаптарын сақтау, қызметтік міндетті жауапкершілікпен орындау, жеке мүддені қоғамдық мүдденен жоғары қоймау – жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негізгі қағидалары. Әсіресе мемлекеттік қызмет саласында ашықтық, әділдік және кәсібилік қағидаларын сақтау халықтың мемлекеттік басқару жүйесіне деген сенімін арттырады.

Қазіргі цифрландыру дәуірінде мемлекеттік қызметтердің электрондық форматта көрсетілуі, ақпараттың қолжетімді болуы және қоғамдық бақылаудың күшеюі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік беріп отыр. Сонымен қатар құқықтық сауаттылықты арттыру және жастар арасында адалдық құндылықтарын насихаттау болашақта жемқорлықсыз қоғам қалыптастырудың

маңызды тетігі болып табылады.

Әрбір азамат пара беру мен пара алудың заң алдында жауапкершілікке әкелетінін түсініп, мұндай әрекеттерге мүлде төзбеушілік танытуы қажет. Қоғамда әділдік пен адал еңбекке деген құрмет қалыптасқан жағдайда ғана еліміздің дамуы қарқынды болып, мемлекеттік институттардың беделі нығая түседі.

Келеңсіздікке қарсы күрес жүргізу – үздіксіз жүргізілетін әрекет. Адалдық, жауапкершілік және заңға құрмет қағидаларын өмірлік ұстанымға айналдырған әрбір азамат әділетті, дамыған және жемқорлықсыз Қазақстанды қалыптастыруға өз үлесін қоса алады.

Ақмарал ОРАЗБАЕВА, аудан әкімдігі экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бас маманы.

Соңы. Басы 1-бетте

ЕГІСТІКТЕРДІ АРАЛАП, ШАРУАЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

«Ақжол» шаруа қожалығының егістік алқабы да өңір басшысының назарынан тыс қалған жоқ. Мұнда егілген 200 гектар жүгері мен 80 гектар пияздың жай-күйі көңілге қуаныш ұялатады. Шаруашылық өкілдері атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарлары туралы баяндады.

Осы орайда Ерлан Қыдыралыұлы ауыл шаруашылығында заманауи технологияларды қолданудың маңыздылығына тоқталды.

– Біз шаруалардың еңбек етуіне қолайлы жағдай жасап, мемлекеттік қолдау шараларын тиімді пайдалануға әрдайым қолдау көрсетеміз. Ең бастысы – сапалы өнім өндіріп, ауданның

әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосу, – деген аудан әкімі жауапты тұлғаларға егіс алқаптарындағы жұмыстарды тұрақты бақылауда ұстап, агротехникалық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Өңір басшысы «Рыжыбаев» жеке кәсіпкерлігі қолға алған ет бағытындағы құс фабрикасының жұмысымен де танысты. Бұл жобаның жалпы құны 1 млрд теңгені құрайды. Кәсіпорын жылына 150 мың балапан өсіруге қауқарлы. Жоба іске қосылғаннан кейін 10 адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Қазіргі таңда арнайы құс өсіретін корпустарды жабдықтау жұмыстары

жүргізілуде. Сонымен қатар құс сою корпусының құрылыс-монтаж жұмыстары қарқынды жалғасып жатыр.

Аудан әкімі «Султанходжаев» шаруа қожалығының ет бағытындағы құс фабрикасының құрылыс алаңына да бас сұқты. Жоба аясында әрқайсысы 30 мың балапанға арналған 6 құс ұстау базасы салынады. Қазіргі уақытта нысанда іргетас құю жұмыстары жүргізіліп, құрылыс жұмыстары жоспарға сәйкес атқарылуда. Өңір басшысы жауапты тұлғалармен жүздесу барысында барлық инвестициялық жоба белгіленген мерзімде әрі сапалы жүзеге асырылуы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретінін айтты.

Соңы. Басы 1-бетте

«ТАЗАЛЫҚ – БАРШАҒА ОРТАҚ МІНДЕТ»,

– ДЕДІ АУДАН ӘКІМІ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДІ АРАЛАУ БАРЫСЫНДА

– Тазалық – баршаға ортақ міндет. Тазалыққа қоғамдық жұмысшылар ғана емес, жергілікті тұрғындар да жауапты. Әрбір аула, әрбір көше таза болса, ауылымыздың көркі артып, тұрғындардың өмір сүру сапасы жақсарады. Сол үшін де туған жерімізді таза ұстауға бәріміз бірдей атсалысуымыз қажет, – деді өңір басшысы.

Аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы Тоғызтарау ауылындағы Т.Тоқтаров атындағы орта мектепте жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарының барысымен де танысты. Мектеп ғимаратына жапсарлас соғылып жатқан жаңа спорт зал мен асхананың құрылысына мән беріп, білім ордасының аумағын абаттандыру, инженерлік желілерді ретке келтіру және сыртқы әрлеу жұмыстары қатар атқарылып жатқанын көрді. Мердігерге құрылыс-монтаж жұмыстарын белгіленген талаптарға сәйкес сапалы орындау, назардағы нысанды уақтылы тапсыру керектігін қатан ескертті.

Тоғызтарау, Ерназар, Өрнек



ауылдық округтерін аралаған өңір басшысы ауылдық округ әкімдері мен жауапты сала басшыларына анықталған кемшіліктерді қысқа мерзімде жою, санитарлық

тазалықты тұрақты бақылауда ұстау, сондай-ақ абаттандыру және қоғалдандыру жұмыстарын үдету жөнінде нақты тапсырмалар берді.

ҚҰНДЫЛЫҚ

Дін мен дәстүр – ұлт болашағының кепілі

Кемеңгер ата-бабаларымыз бізге ұлан-байтақ жерді ғана емес, ғасырлар бойы адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеп келген, қазақтың баға жетпес рухани мұрасы ұлттық дәстүрлерді де мирас етті. Ұлттық құндылықтарымыз – еліміздің бірлігі мен берекесінің нышаны. Елімізде орныққан дінаралық татулық пен келісім – қазақ халқының дәстүрлі рухани құндылықтарын ұлықтауы мен дін саласындағы салиқалы саясаттың жемісі.

Қазақ халқының дін туралы танымы, сенімі ерекше. Діннің адам мен қоғам арасын жалғастырушы, жарастырушы және үйлестіруші қасиетін жете түсініп, оны жан мен тән тазалығын сақтайтын, парасат тағылымдарын демеуші, адамға өнеге тәлім берер, пейілге мейірім ұялатар рухани күшке бағалаған.

Атақты ағартушы Ыбырай

Алтынсарин өз заманында исламға ден қоя отырып, «мұсылманшылықтың тұтқасы – сенім, иман, имандылық» деп дәйектесе, Мағжан Жұмабаев дін рәсімдерінің тұрмыс дағдыларымен астарластығын «Ораза деген қазаққа құлшылық емес, әдеп кой» деп бір ауыз өлеңмен сипаттаған. Ойшыл жазушы Ғабит Мүсірепов дін

жөнінде: «Адам баласы бір нәрсеге сенбей, арқа сүйемей тұра алмайды, сол сенімнің аты – дін. Ең арғысы, саяси сенім дегеннің өзі халықтың басым көпшілігі үшін дін» деп оның адам өміріндегі рухани күшін жоғары бағалағаны белгілі.

Бабаларымыздың қастерлеп, атадан балаға аманаттап, жүрекке дарытып келген асыл қасиеттері көп-ақ. Халқымыз сырт көзбен емес, жүрекпен ұғатын адамгершілік құндылықтарды жоғары дәріптеген. Иман – қазақ халқының рухани дүниетанымындағы парасат пайымымен сабақтасып жататын өте кең өлшемді ұғым. Ата-бабаларымыздың ақиқатқа жетелер сенімінің де басты тірегі

– осы. Барлық бет-болмысының, мінез-құлқының айнасы. Иmandылық деген бір ғана сөздің бойына ұят, ар, ынсап, қанағат сияқты бүкіл жақсы қасиеттер түгел сыйып тұр. Қазақтың жүзі жылы жанды жолықтыра қалса, «бетінен иманы төгіліп тұрған адам екен» немесе «иманжүзді кісі екен» деп сөз естітетіні де сондықтан. Тіпті адам ғұмырының мәні болып саналатын махаббат сезімінің де негізі имандылықтан басталады. Оны Абай атамыз «үш сүюмен» байланыстырып, «имани-гүл» деп ат береді.

Халқымызда «Жиғаныңа сенбе, иманыңа сен», «Иманды адам – арлы адам. Имансыз адам – сорлы адам», «Үстіңнің кірін – сабын кетіреді, жаныңның кірін

– иман кетіреді», «Имандылық – қастерлі қасиет», «Имандылық – инабаттылық айнасы», «Имандылық – ізгілік негізі» деген секілді тұрақты сөз тіркестері мен мәтел сөздер жетерлік. Өкінішке қарай, кеңестік дәуірде тамырын тереңге жайған тоталитарлық саясаттың үстемдік жүргізуінің салдарынан біз осындай ұлы қасиетімізден айырылып қала жаздадық. Имандылық сөзі иманнан шыққан. Ал иман – жүректегі нұр, нұрдың сыртқы болмысы, яғни имандылық – адамға бітетін көркем мінез.

**Көркем ҚАРАБЕКОВА,
Ақбастау ауылдық округі
әкімі аппаратының
бас маманы.**

САУЛЫҚ – САҚТЫҚТА

Жіті ішек инфекциялары – әртүрлі бактериялар, вирустар немесе қарапайым паразиттер тудыратын және интоксикациямен, іштің ауруымен, өтуімен, құсумен жүретін асқазан-ішек жолдарының аурулары.

ДӘРІГЕРДІҢ КӨМЕГІНЕ ЖҮГІНГЕН ЖӨН



Мұндай инфекцияларға дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, тырысқақ, нерсиниоз, тағамдық токсикалық инфекция және вирустық диарея жатады. Бұл аурулар жыл бойы, бірақ көбіне көктем және жаз мезгілдерінде тіркеледі. Инфекция жұқтырған науқастар құсу және нәжіс арқылы қоршаған ортаға көптеген қоздырғыштар бөледі. Тұрмыстық заттарда, ыдыс-аяқтарда, балалар ойыншықтарында, сүлгілерде микроорганизмдер 5-7 күн бойы сақталады.

Іштің су сияқты жиі өтуі, дене қызуының көтерілуі, балалардың омыраудан бас тартуы, асқа тәбеттің болмауы, шөлдеу, құсу, бас ауруы, жалпы әлсіздік, мазасыздық, ауырсыну, іш ауруы инфекцияның негізгі белгілері саналады. Бүгінде көкөністерді, жемістерді және басқа да тағамдарды жеткілікті түрде жумай жиі тұтынудың салдарынан аурушандық та өсуде. Инфекция ластанған су қоймаларында суға түсу кезінде де берілуі мүмкін.

Кез келген жастағы адамдар жіті ішек инфекцияларымен ауырады. Дегенмен сырқаттану 6 жасқа дейінгі балалар арасында көп кездеседі. Бұл дененің қорғаныс қабілетінің жеткіліксіздігі және гигиеналық дағдылардың болмауымен байланысты. Науқастардың басым бөлігі үй жағдайында сапасыз тағам өнімдерін тұтынған, олардың дайындау технологиясы мен сақтау шарттарын бұзған, жеке бас гигиенасын сақтамаған. Инфекцияны жұқтырудың негізгі факторлары – жеке гигиенаны

сақтамау, үйде дайындалған тағамдардың дайындау және сақтау технологиясын бұза отырып, жуылмаған көкөністер мен жемістер тұтыну.

Ішек инфекцияларымен ауырмау үшін дәретханаға барғаннан кейін, тамақ ішер алдында және тамақ дайындау алдында қолды сабынмен үнемі жуу керек. Бұл инфекцияның берілу қаупін азайтуға көмектеседі. Тек бөтелкедегі немесе қайнатылған суды ішу. Белгісіз су көздерінен, әсіресе, санитариялық жағдайы нашар аймақтарда ауызсу ішуден аулақ болу маңызды. Бұл ретте, тағамды дұрыс пісіру, оны мұқият термиялық өңдеуден өткізу, шикі немесе шала пісірілген тағамды жемеу, бактериялардың көбеюіне жол бермеу үшін тағамды тоңазытқышта төмен температурада сақтау, сақтау кезінде дайындалған және шикі тауар көршілестігін қадағалау, пісірілген және шикі тағам үшін бөлек тақталар мен пышақтарды пайдалану, тез бұзылатын өнімдердің жарамдылық мерзімін қадағалау, ластанған су айдындарында шомылмау, кездейсоқ адамдардан немесе рұқсат етілмеген сауда орындарынан тағамдық өнімдерді сатып алмау керек.

Жедел ішек инфекциясының белгілері байқалғанда дереу дәрігердің көмегіне жүгінген жөн. Өзін-өзі емдеуге болмайды.

**Ғабит ӘБДІЛДА,
аудандық санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
басқармасының басшысы.**

ТАНЫМ

БІТЕ ҚАЙНАСҚАН БӨЛІНБЕС ДҮНИЕ

Қазақ жерінде Ислам дінінің бағыттары қашанда салт-дәстүрмен ұштасып, сабақтасып келген. Дана халқымыз әрқашанда дәстүрлі дініміздің қағидаларын күнделікті өмірлерінде пайдалана білген. Мүмкін, осыдан болар, дана халқымыз «Дінді ұстай алсаң – қасиетің, ұстай алмасаң – қасіретің» деп нақты айтып кеткен. Дін қайраткері Ержан қажы Малғажыұлының осы салада жазған «Дін мен дәстүр» кітабы ұлт болашағына арналған кітап. Бұл кітапты оқыған әрбір адам дін мен дәстүрдің біте қайнасқан бөлінбес дүние екенін біледі. Осы орайда кітаптан үзінділер беруді жөн көрдік.

ҰЛТТЫҚ САНА

Қазақ кеше көшпелі, бүгінде қотырықшыланған өркениетті халық. Яғни отырықшылық мәдениетке көшкеніне бір ғасырдан астам уақыт болған жаңа қанды ұлт. Жалпы сайын далада, тұмса табиғаттың ортасында тіршілік жасаған номад халықтардың ұлттық санасы белгілі бір қорғанның қабырғасының ішінде қым-қуыт тіршілік еткен отырықшы жұрттардан өзгеше болған. Ол туралы тарихшылар мен әлеуметтанушылар айтып кеткен.

Көшпелілер адамзат болып жаратылған әу бастағы жаратылыстық саф сипаттарға жақынырақ болса, отырықшыларға өркениеттенген мәдениет пен қу саудагерде болатын құбылмалы сипаттар тән. Бұл тақырыпқа байланысты әлеуметтану ғылымының түп атасы Ибн Халдун өзінің «әл-Муқаддима» атты еңбегінде арнайы бір бөлім жазған. Ол былай дейді: «Дала жұрты қала жұртынан қарағанда фитраға (Фитра – адамзаттың алғашқы жаратылыстағы бұзылмаған таза қалпы, ділі.) жақын. Адам жаны алғашқы жаратылыстық таза қалпында, яки фитрада болғанда өзіне жеткен сөзді, үгітті қабыл алуға әзір тұрады, жақсылық пен жамандықты тез сезіп, ажыратады.

Алла Елшісі (с.а.с.): «Әрбір нәресте әу бастағы жаратылыста, фитрада туылады. Алайда ата-анасы оны не яһуди етеді, не христиан етеді, не мәжуси етеді», – деген. Адамға жақсы, жаман сипаттың қайсысы бірінші жеткенде екіншісінен алмайтындығы да, оған қол жеткізу бара-бара қиынға айналады. Ізгілік иесі өзіне ізгілік әдеттері жеткенде бойында зұлымдықтан аулақ болу қасиеті қалыптасады да, жамандықтан ұзақтап, оған оралу қиын іске айналады.

Керісінше, зұлымдық иесі де жамандыққа бой үйретіп алғаннан кейін жақсылықтан мүлде жырақ кетеді. Қала халқы жайлы тіршілік, рахат өмірге, дүниеқұмарлыққа, өркеніт қызықтарына көп бой үйреткендіктен жан дүниелерінде теріс мінездер, жаман қылықтар көп болып, соның себебінен ізгілік жолдарынан алмайтын. Олардың бойларынан қымсын, ұялу сипаттары кетеді де, отырыстарында былапыт сөздерді жиі айтатын болады. Үлкендері мен әйелдері мұндай теріс қылықтарға тәйт деп тоқтау салмайды. Сөздері мен істерінде бұзықтық белгілері байқалған соң олардағы ұялу сезімі жойылады.

Ал дала жұртында қалалықтар сияқты дүниеге құмарлық сипаты аздап болғанымен, тұрмыс жағдайларына қарай жайлы өмірдің шектеулі бөлігіне ғана қол жеткізеді. Қызықтар мен рахатшылықтың көріністері мұнда аз. Сондықтан жайлы тіршіліктен туындайтын теріс сипаттар да, бұзық мінездер де қала жұртына қарағанда азырақ. Сол себепті де олар фитраға жақынырақ.

Әрине, Ибн Халдунның бұл пікірін жокқа шығарғандар да болған. Олар мына аятты дәлелге келтірген. Алла Тағала былай дейді: «Бәдәуи арабтар күшірлік пен екіжүзділікте қаттырақ әрі Алланың Елшісіне түсірген шектерінен мақұрым қалуға лайықтырақ. Алла – Білуші Һәм Дана». Алайда осы аяттан кейінгі аяттарда көшпелі арабтардың жақсылары да, жамандары да болатындығы жайлы айтылған. Сондықтан бұл мәселеге сыңаржақ көзқараспен қарауға болмайды.

Дала халқы табиғатқа етене жақын тіршілік ететіндіктен жандары да тазалыққа, фитралық қасиеттерге бай. Тілдері де, дәстүрлері де қала халқыныңкідей көп бұзылмаған. Сондықтан ертедегі арабтар салт-дәстүр мен таза араб тілін үйрету үшін



балаларын көшпелі туыстарының арасында тәрбиелеуге тырысқан. Ардақты Пайғамбардың (с.а.с.) өзі де араб тайпаларының арасында өсіп, олардың салт-дәстүрлерінен, тілі мен ділінен, шежіресінен жете хабардар болған. Әрбір тайпаның өкілімен өз тілінде ескі танысын көргендей емен-жарқын сұхбат құрған. Соның арқасында олармен ортақ тіл табыса алған. Мұның өзі жаратылыстың ең қайырлысына деген Жаратушының ерекше мейірімі, хикметі.

Қазақ халқы да сол арабтар сықылды көшпелі ел болды. Оған соншалықты көп уақыт өте де қойған жоқ. Сондықтан қала мәдениетімен тіршілік еткен көршілес туыс халықтарға қарағанда әлі де болса фитралық сипаттарға жақынырақ. Қазақстанда бірнеше жыл жұмыс істеген араб ғалымынан қазақ қандай халық екен деп сұрағанда, ол қазақтың нағыз фитраға жақын таза пейілді ұлт екендігін айтып, пікірін білдіріпті.

Расымен де, халқымыз ата-бабасының жолынан ауытқы қоймаған фитраға жақын ел. Ал мұндай сипаттағы халықтардың бір қайнауы ішінде, болашағы әлі алда. Тарих парактарынан осы сипаттағы халықтардың елеулі жаңалықтар жасап, өркениет дөңгелегін алға жылжытуға үлкен үлес қосқандығын білеміз.

ҚҰДАЙ ТАҒАЛА ТУРАЛЫ
ТАНЫМ

Қазақ халқының ғасырлар бойы Құстанып келе жатқан діні – Ислам, шариғаттағы іс-амал мазһабы – ұлы имам Әбу Ханифаның мазһабы. Ал діни дүниетанымдық ұстанымы Исламның негізгі қайнар бұлақтары – Құран мен Пайғамбардың (с.а.с.) сүннетіне негізделген Сүннет және жамағат жұрты, оның ішінде Әбу Мансұр әл-Матуридің мектебі болып табылады.

Қазақ халқының да ұлттық бет-бейнесі, ділі мен тілі осы идеологиялық мектептің негізінде қалыптасты. Оған айғақ боларлық айшықты дәлелдер жетіп-артылады. Бұхар жыраудан бастап Абай, Шәкәрімге дейінгі ойшылдар мен ақындардың мұраларынан нағыз мұсылмандықтың үлгісін көреміз. Мысалы, Абылай ханның ақылшы абызы Бұхар жырау: Алла деген ар болмас, Ақтың жолы тар болмас! – деп Құдай деген құлдың медетсіз қалмасына нық сенімді екендігін білдіреді.

Кейінгі ғасырларда ғұмыр кешкен Мәшһүр Жүсіп таухид іліміндегі илзһи сипаттарды жалпақ жұрттың құлағына үйреншікті өлең жолдарымен былайша өрнектеген: Ол – Алла жауһар, ғариз емес, Боларға басқа-басқа бөлектенбес. Алланы еш нәрсеге ұқсатуға, Еш нәрсе Оған ұқсап жөні келмес. Бар Құдай көкте де емес,

жерде де емес, Мекенін бір Алланың ешкім білмес. Сипаты сегіз болған, бірі – кәлем, Сөйлейді құдіретімен Алла Тағалам, Сөйлеуі біздей тілмен, жақпен емес, Тіл, жаққа мұқтаж емес секілді адам Алды-арты, асты-үсті, оң-солы жоқ, Ауыз, мұрын, аяқ, бас, көз, қолы жоқ. Еш нәрсеге ұқсамайды Ол, еш нәрсеге, Кітаптың айтқанынан ойлама көп. Бұл жерде Мәшһүр Жүсіп «Мекенін бір Алланың ешкім білмес» деп Жаратқанның кеңістіктен орын алмайтындығын, жаратылыс сияқты мекені болмайтындығын меңзеп тұр.

Бұл Құдай Тағаланың Құран Кәрімде айтылған сипатымен дөп келеді. Алла Тағала былай дейді: «Оған (Аллаға) ұқсас ештеңе жоқ! Әрі Ол – Естусі Һәм Көруші!». Жаратқан Ие былай дейді: «Ақиқатында, Алла әлемдерге мұқтаж емес». Сондай-ақ, қазақтың данасы Абай Құнанбайұлы да қазақтың Тәңір туралы танымдық тұжырымын қара өлеңмен өрнектейді: Мекен берген, халық қылған Ол – лә мәкән, Түп Иесін көксемей бола ма екен? Және Оған қайтпақсын, оны ойламай, Өзге мақсат ақылға тола ма екен? Ақындар мен оқымыстылары анықтап берген Құдай Тағала туралы қазақтың ұстанымы Сүннет пен жамағат жұртының ұстанымымен бір. Оның ішінде әл-Матуридің мектебінің ізбасарлары екендігін білдіреді.

Ғ ұ л а м а а т - Т а х а у и д і н мұсылманның наным қағидаларын тұжырымдап берген еңбегінде былай делінеді: «Алла шекаралардан, шектерден, тіректерден, мүшелерден, құралдардан асқақ, Оны жаратылған нәрселер сияқты алты жақ қамтымайды». Түсіндірмесі: «Алла Тағала уақыт, кеңістік, өлшемдерге мұқтаж емес. Өйткені ол материя емес. Ол ұғымдарды, құбылыстар мен заттарды, заңдылықтарды жаратқан. Ал Өзі ол жаратылыстарға, заңдылықтарға бағынбайды. Алла Тағала ондай жаратылыстық қасиеттерден пәк. Дүниедегі нәрселердің барлығы белгілі бір кеңістікте мекен, орын алып орналасқан. Олардың асты мен үсті, алды мен арты, оны мен солы бар. Жаны барлардың жүретін тіректері, яғни аяқтары, сезетін мүшелері, ұстайтын қолдары болады. Бұл жаратылғандардың сипаты. Ал Алла Тағала ондай сипаттардан ада. Жаратқанға жаратылыстың қасиетін таңған адам күпірлік келтіреді».

ТӘҢІРДЕН ТІЛЕ ТІЛЕКТІ

Қазақ халқы тілек-қажетін бір Құдай Тағаладан сұраған. Дұғасының қабыл болуы үшін тәуәссүл жолдарына жүгінген. Басты тілек Құдайдың қаһарына ұшырамау деп түсінген қоғам Жаратқаннан сұрап, Оған тәуекел еткен жан түбінде мақұрым қалмайды деп иланған.

Бұхар жырау былай дейді: Алла деген ар болмас, Алла деген

пенделер, Еш нәрсеге зар болмас. Сонымен бірге халық жадында сақталған оралымдар, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер қазақтың Құдайшыл ел болғандығын білдіреді. Мысалы, тілекке тек Тәңірдің жауап беретіндігін мынадай мақал-мәтелдермен білдірген. «Құдайдан сұрасаң, кешірет, кісіден сұрасаң, үніңді өшірет». «Адамнан сұрағанның екі көзі шығады, Алладан сұрағанның екі бүйірі шығады». «Құдайға сиынған құстай ұшады, адамға сиынған мұрттай ұшады». «Алла деп барсаң аман келерсің». Мұндай сөздер шынайы мұсылман танымның болғандығын дәлелдейді.

Қасиетті аят-хадистерде тілекті бір Алладан ғана тілеу керектігі баса айтылған. Бірде бір кісі Пайғамбарға (с.а.с.) келіп: «Уа, Расулалла! Раббымыз жасырын дұға қыларлықтай жақын ба, әлде дауыстап шақырарлықтай алыс па?» – деп сұрайды. Пайғамбар (с.а.с.) үндемей қалады. Көп ұзамай Алла Тағаладан жауап ретінде мына аят түседі: «Егер сенен пенделерім Мен жайында сұраса, Мен жақынмын, дұға етуші Маған қайырылса, дұғасына жауап беремін. Сондықтан да Маған (жолдауыма) жауап қатсын, Маған иман келтірсін. Сонда тура жол табар».

Абдулла ибн Аббас (р.а.) былай деді: «Пайғамбардың (с.а.с.) артында келе жатқанда Ол (с.а.с.) маған: «Ей, балақа! Мен саған мына сөздерді үйретемін: Алланы (тілінде, жүрегінде) сақта, сонда Ол сені сақтайды. Алланы сақта, сонда оны алдыңнан табасың. Бірдене сұрасаң, Алладан сұра. Жәрдем тілесең, Алладан тіле. Бүкіл халық жиналып, саған бір пайда келтірмек болса да, тек Алла жазған нәрсені ғана келтіре алатындығын және олар саған бір зиян келтірмекке жиылса да, тек Алланың жазғанын ғана келтіре алатындығын білгейсің. Қаламдар көтерілді, парақтар кеуіп кетті (яғни тағдыр тақтасына бәрі жазылды)», – деді.

Пайғамбар (с.а.с.) егер құлдары ықыласпен тілек тілесе, Құдай Тағаланың олардың тілектерін жауапсыз қалдырмайтындығы туралы айтқан. Салман Фарисиден (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Ақиқатында, Раббыларың ұят Иесі және Жомарт, пендесі Өзіне екі қолын көтеріп дұға қылғанда ештеңесіз қайтарудан ұялады», – деген. Ғаламдардың Иесі Хак Тағала Өзі ғана жасайтын істі жаратылыстан сұраған пендесіне ашуланады. Әбу Һурайралдан (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Алла Өзінен сұрамаған жанға ашуланады», – деген. Осы хадистің мағынасын бір шайыр мынадай шумақтармен айшықтаған екен.

Сұрамағын пенденде, жағарсың кейде жақпассың,
Тілекті тіле Құдайдан айқара ашқан қақпасын.
Ашуландырар Алланы Өзінен тілеуді тәркетпек,
Ал адамнан сұрасаң, саранданар, шарт кетпек.

ТАҒДЫРҒА СЕНИМ

Басқа мұсылман жұрттары сияқты қазақ халқы да иман шарттарының бірі жақсылы-жаманды тағдырдың бір Тәңірден болатындығына шүбәсіз сенеді. Сондықтан осынау нанымның белгісі тілде көрініс тауып, кейінгі ұрпаққа ұлағат болып қалыптасты.

Қазақ мәтелінде «Құдайсыз қурай сынбас» делінеді. Мұның мәні төмендегі аяттың мағынасымен дөп келеді. Алла Тағала былай дейді: «...Қандай да бір жапырақ жерге түспесін, (Алла) оны да біледі...». Тағы бір мәтелде «Қуған жетпес, бұйыртқан кетпес» делінеді. «Құлдың қалағаны болмайды. Құлайдың дегені болады» дейді тағы бір нақыл сөзде.

Бұл сөздердің мағынасы мына аяттардан алынғандай. Алла Тағала былай дейді: «Бірақ әлемдердің Раббысы Алла қаламаса, сендер оны [туралықты] қалай алмайсындар». Алла Тағала былай дейді: «...Әрі Алла қалағанын жасайды».

ҚҰДАЙДАН
ҚОРЫҚПАҒАННАН ҚОРЫҚ

Қазақ халқы Жаратқаннан жасқануды, әміріне бойсұнып, тыйымынан тыйылуды жете түсінген Һәм жүзеге асырған жұрт. Ел аузында сақталған сөздерден санаға сіңісті болған тура танымды танымыз. «Құдайдан қорықпағаннан қорық», «Киімі жаманды ит қабады, пейілі жаманды Құдай табады», «Қорық Құдайдан, қайт райдан». Осы сияқты мақал-мәтелдер қазақ халқының Алла Тағаланы лайықты ұлықтағандығын дәлелдейді.

Халқымыз жаман іске бой үйреткен, тура жолдан тайып, азғындаған жанды көргенде «Құдайдан қорықсаң, нетті» деп тезге салып, тежеген. Бұл сенімнің түп-негізі Құран Кәрім мен хадистерде жатыр. Раббы Тағала білімнің көзі Жаратқаннан қорқу екендігін баяндаған. Алла Тағала былай дейді: «...Әрі Алладан қорқыңдар, сонда Алла сендерге үйретеді...».

Даналардың данасы ардақты Пайғамбарымыз (с.а.с.) білім-ғылымның, данышпандықтың түпкі негізі Жаратушыдан қорқу екендігін жеткізген. Абдулла ибн Масғұд (р.а.) жеткізген риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): «Даналықтың басы – Құдайдан қорқу», – деген.

ПАЙҒАМБАРҒА (С.А.С.)
ҚҰРМЕТ

Ұлтымыз Ұлы Пайғамбарды (с.а.с.) өз дәрежесінде құрметтеп, қастерлей білді. Сүннетіне амал етіп, өсиеттерімен өмір сүрді. Халық арасында Пайғамбардың (с.а.с.) өмірбаяны, сипаты, қадір-қасиеті жайлы әңгімелер мен киссалар, жалпы мәліметтер көп болды.

Ел-жұрт арасында Алла Елшісіне (с.а.с.), әулетіне, туыстары мен сахабаларына қатысты адам аттары, яғни Әмина, Абдулла, Ахмет, Мұстафа, Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли, Халиша, Айша, Зейнеп, Фатима, Күлсім, Ұрқия, Асан, Үсен, Сәдуақас, Сыдық, Әбүтәліп, Әшім, Қосай, Әбдімүтәліп, Әбдіманап, Манап, Назар, Әбдірасул, Әбдінәби сияқты адам аттары көп кездеседі. Сонымен қатар, адамзат ардақтысының (с.а.с.) өзінің есімі ерекше көп кездескен.

Бір қарағанда мұндай пікір қисынсыз болып көрінуі ықтимал. Алайда, тереңірек зерделесек, тегі Мұхаммед сөзіне тірелетін есімдердің көптігіне куә боламыз. Ондай аттардың бір парасының өңі қазақ тілінің үндестік заңына байланысты өзгерген болса, екінші бір бөлігі Пайғамбар (с.а.с.) есіміне деген ерекше құрметке сай әдейі өзгертілген. Мысалы, Мұхаммед, Мұхамбет, Махамбет, Мәмбет, Мәмет, Ормамбет, Баймағанбет, Бейімбет, Ақмағанбет, Ақмамбет, Жалмағанбет, Ж а й ы м б е т, Н ұ р м а ғ а н б е т, Құлмағанбет, Қалмағанбет, Мұқан, Мұқажан, Мұқағали, Мұқасан, Мұқаш, Маханбет, Махан, Маған және тағы басқа да нұсқалардан көз сүрінеді.

Сондай-ақ, Пайғамбар (с.а.с.) әулеті деп есептелетін ишандардың тұқымдарын айрықша құрметтеуді де Алла Елшісін (с.а.с.) қастерлеудің ерекше бір үлгісі деуге болады. Жалпы адамзаттың ең ардақтысы Алланың Елшісіне (с.а.с.) деген құрмет өте ерекше болғандығын аңғарамыз. Оған (с.а.с.) титімдей қатысы бар дүниенің бәрі қасиетті саналған. Мұның өзі Пайғамбардың (с.а.с.) өсиетімен сай келеді. Әнес ибн Мәлік (р.а.) жеткізген риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Сендердің қайсыбіреуің қашан мені өзіңіз ескінен, баласынан және барлық адамдардан артық жақсы көрмейінше толық иман келтірген болмайды».

Әнес ибн Мәлік (р.а.) жеткізген риуаятта Пайғамбар (с.а.с.) былай деген: «Кімде мына үш нәрсе болса, ол иманның тәттілігін сезінеді: Алла мен Оның Елшісін ол екеуінен басқа нәрсенің барлығынан артық көріп сүю; бір адамды жақсы көрсе, тек Алла үшін жақсы көру; күпірді, Алла оны одан құтқарғаннан кейін, құлды отқа түсуді қаламағанындай қатты жек көру».

«Дін мен дәстүр»
кітабынан алынды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

«Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» туралы

«Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» мемлекеттік қызметті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге мыналарды ұсынады:

- 1) жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге арналған электрондық құжат нысанындағы өтініш;
- 2) жер учаскесінің нысаналы мақсаты өзгерген кезде жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнына тең соманы бюджет кірісіне төлеу, Кодекстің қажет болған жағдайда өзгертілген нысаналы мақсат үшін 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 9-бабы 5-тармағына сәйкес кадастрлық (бағалау) құны мен осы учаске бұрын мемлекеттен сатып алынған баға арасындағы айырмаға тең соманы бюджетке төлеу қажет болған жағдайда жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құны актісінің көшірмесі.
- Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуды мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.
- Көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері осы Қағидаға сәйкес құжаттарды қабылдайды, тіркейді және оларды өтінішті қабылдаған күні көрсетілетін қызметті берушінің басшысына не оны алмастыратын адамға береді.

«Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту» туралы

«Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту» мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге мыналарды жолдайды:

- 1) нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобасын бекітуге арналған өтініш;
- 2) электрондық жерге орналастыру жобасы.
- Ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушылардан талап етуге жол берілмейді.
- Көрсетілетін қызметті алушы 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.
- Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынған

Көрсетілетін қызметті алушы 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Өтініш беруші құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтінішті қабылдаудан бас тарту дайындайды және көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында хабарлама жолдайды.

Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы не оны алмастыратын адам құжаттардың мазмұнымен танысады, қарар қояды және жер өз құзыреті шегінде 1 (бір) жұмыс күні ішінде жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органға не сәулет және қала құрылысы саласындағы құрылымдық бөлімшеге учаскесінің мақсатын өзгерту туралы өтініш жібереді.

Жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның не сәулет және қала құрылысы саласындағы құрылымдық бөлімшенің жауапты орындаушысы өз құзыреті шегінде өтініш келіп түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындайды және оны барлық мүдделі мемлекеттік органдарға, инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету жөніндегі тиісті қызметтерге бір мезгілде келісуге жолдайды.

«Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беру» туралы

«Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік қызметті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге мыналарды жолдайды:

- 1) нысан бойынша іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру туралы өтініш;
- 2) іздестіру жұмыстарын жүргізу учаскесі жоспарының (схемасының) электрондық көшірмесі;
- 3) іздестіру жұмыстарын орындауға арналған тапсырманың электрондық көшірмесі.
- Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы не оны алмастыратын адам өтініш қабылданған күні құжаттардың мазмұнымен танысады, қарар қояды және жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесінің жауапты орындаушысын айқындайды.
- Жер қатынастары жөніндегі уәкілетті

Келісуші органдар 3 (үш) жұмыс күні ішінде жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігі туралы тиісті қорытындылар береді.

Жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның немесе сәулет және қала құрылысы саласындағы құрылымдық бөлімшенің жауапты орындаушысы өз құзыреті шегінде қорытындылар келіп түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындайды.

Жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның жауапты қызметкері материалдарды жер комиссиясының қарауына дайындайды.

Жер комиссиясының қорытындысы жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту мүмкіндігі туралы ұсыныс жер комиссиясына келіп түскен сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде хаттамалық шешім нысанында екі данада жасалады.

Жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның не сәулет және қала құрылысы саласындағы құрылымдық бөлімшенің жауапты орындаушысы өз құзыреті шегінде жер комиссиясының тиісті қорытындысы келіп түскен сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің тиісті шешімін әзірлейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешімі жер комиссиясының тиісті қорытындысы келіп түскен сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылданады.

органның құрылымдық бөлімшесінің жауапты орындаушысы 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтінішті қарайды, іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру туралы қаулының жобасын дайындайды және материалдарды көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесінің жауапты орындаушысы 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті қабылдаудан уәжді бас тарту дайындайды және портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында хабарлама жолдайды.

Көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған материалдардың негізінде 2 (екі) жұмыс күні ішінде іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру туралы қаулы қабылдайды.

Алмас АМАНОВ,
аудан әкімдігі жер қатынастары бөлімінің бас маманы.

Жамбыл ауданының мемлекеттік органдарындағы мемлекеттік қызметшілердің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексі» (мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) нормаларын бұзу фактілері жөнінде хабарлау үшін орнатылған «сенім телефондарының» ТІЗІМІ

№	Мемлекеттік органның атауы	Сенім телефоны
1.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-25-02
2.	«Жамбыл аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі	2-14-32
3.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Айшабиді ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-75-01
4.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Ақбастау ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	5-04-82
5.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Аса ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-17-88
6.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Бесағаш ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	3-25-35
7.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Гродиково ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	3-13-77
8.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Ернар ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	5-24-14
9.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	3-70-68
10.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Қаракемер ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-46-00
11.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Көлқайнар ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-34-07
12.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Қызылқайнар ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	3-43-16
13.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Өрнек ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	5-25-02
14.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Қарасу ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-31-69
15.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Тоғызтарау ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	5-25-34
16.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-16-33
17.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-20-07
18.	«Жамбыл облысы Жамбыл аудандық білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-11-54
19.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-14-55
20.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-11-51
21.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-12-34
22.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-17-56
23.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-12-51
24.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-11-90
25.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-13-53
26.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-13-35
27.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-24-67
28.	«Жамбыл аудандық қазынашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі	2-15-76

ЕСІМІ ЕЛДІҢ ЕСІНДЕ

ЖҮРЕКТЕРДЕ ЖАҢҒЫРҒАН ЖАРҚЫН БЕЙНЕ

Қайран дүние-ай! Адам ғұмырының қас-қағым сәттей ғана екенін халқымыз ертеден-ақ терең түсінген. «Өмір – қамшының сабындай қысқа» деген нақыл да сол өмір шындығынан туған болса керек. Кеше ғана арамызда ақыл-парасатымен, ағалық өнегесімен көпшілікке жол көрсетіп жүрген ардақты замандасымыз Бөрібеков Жетібай Төсбайұлының мәңгілік сапарға аттанғанына, міне, бір жыл толып отыр. Зымыраған уақыт ешкімге аялдамайды екен. Артында қалған жарқын бейнесі, елге сіңірген еңбегі мен жақсы аты ғана жүректерде мәңгі сақталады.

Жетібай ағамыз 1948 жылы Жамбыл облысы, Талас ауданы, Ақкөл ауылында дүниеге келген. Соғыстан кейінгі жылдар балаларға қиын болғаны белгілі. Жастайынан зерек, білімге құштар болған Жетібай мектепте үздік оқып, Ойық орта мектебін 1967 жылы озат оқушы қатарында тәмамдады.

Мектеп қабырғасында жүріп ұстаз болуды армандаған Жетібай сол жылы Жамбыл қаласындағы мұғалімдер дайындайтын жоғары оқу орнына математика-физика факультетіне оқуға түсіп, студент атанды. 1971 жылы оқуды ойдағыдай бітірген Жәкен физика пәнінің мұғалімі деген мамандықты алып шықты.

Институтта оқып жүрген кезде ол студенттер арасында беделді, ұйымдастыру қабілеті жоғары, поэзияға құмар, ақынжанды болды. Физика саласын жетік меңгерген Жетібайға институт басшылары ғылыми-ағарту жұмысына қалуды ұсынған екен. Алайда жас маман бала кезден армандаған мақсатына жету үшін ұстаздықты тандапты. Еңбек жолын 1970 жылы Талас ауданы Қаратау орта мектебінде физика пәні мұғалімі болып бастайды. Осы мектепте жүрген кезінде үлкен тәжірибе жинап, ұстаздық кәсіпті жан-жақты меңгереді. Кейін Жамбыл ауданындағы Куйбышев атындағы интернат-пансионаттың меңгерушісі, Амангелді атындағы орта мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, директоры болып қызмет атқарады.

Жас басшының іскерлігін ескерген аудандық білім бөлімі 1978 жылы Жетібай ағаны аудандағы көп ұлт өкілдері тұратын Бесағаш ауылындағы Абай орта мектебіне директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлығына тағайындайды. Бұл қызметті үлкен жауапкершілікпен атқарғанын ескеріп, аудан басшылары 1982 жылы

осы мектептің директорлық қызметіне жоғарылатады. Осы кезең Жәкеннің нағыз ұстаз, қабілетті ұйымдастырушы, жаңалыққа жаны құмар, ұлағатты тәлім-тәрбиеші, жанашыр басшы ретінде көпшілікке танытады. Ол өзінің айтуы бойынша оқушының оқу-тәрбиесімен шектелмей, ұстаздарды, әсіресе жас мұғалімдерді ардақты ұстаз атына кір келтірмеуі үшін еңбек етті. Басшы ретінде мұғалімдердің үздіксіз білімін жетілдіруге жағдай жасап, білім-тәрбие сапасын арттыруға көп күш жұмсады.

Осындай жанкешті еңбектің арқасында Абай атындағы орта мектеп ұжымы ауданда алдыңғы қатардан көрінді.

Жәкен әр ұстаздың оқу-тәрбие жұмысын жіті бақылап, керек кезде ақыл-кеңес беруден жалықпайтынын, олардың сөз саптауы, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы, тіпті киім киюі басты назарда болды деуші еді. Еңбек жолын жаңадан бастаған жас мұғалімге тәжірибелі ұстазды бекіту практикасы кеңінен қолданылды. Әр ұстаздың білімі мен табиғи таланты ескерілді. Осындай тыңғылықты еңбектің арқасында Абай атындағы орта мектеп ұжымы аудандағы өткізілетін барлық іс-шарада белсенділік көрсетіп, әсіресе педагогика саласы, өнер және спорттан жоғары көрсеткішке жетті. Сондай-ақ жоғары санаттағы мұғалімдер саны артып, озат оқушылар көбейіп, ауданның мақтанышына айналды.

Жетібай Төсбайұлы өзінің саналы өмірінің 40 жылдан астам уақытын ұстаз қызметіне арнады. Ұзақ жылғы ұстаздық еңбегі бағаланбай қалған жоқ. Ағамыз Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздігі, «Аға мұғалім» атағы, Қазақ ССР Білім және ғылым министрінің Мақтау грамотасы, Мемлекет басшысының Алғыс хаты, Жамбыл облысы мен аудан әкімдерінің және «Нұр Отан» партиясының Мақтау



грамоталары осының айғағы болса керек.

Жетібай ағамыз ақынжанды, қазақ елінің тарихын жетік білген, шежіре таратып, өзінің өмірде көрген-білгендерін әсерлі, мағыналы, тұщымды түрде айтатын азамат еді. Табиғатынан өнерге құмар Жәкен дос-жарандарына айтулы даталарда жыр арнап, қуантып жүретін. Өзі Таластың тумасы болғандықтан, туған жеріне жиі-жиі барып тұрған. Бір барғанында Талас ауданының орталығы Ақкөл ауылында қазақтың біртуар азаматы, ұзақ жыл елімізді басқарған Д.Қонаев елге келгенде сол кісімен кездескенін үлкен тебіреніспен айтып отырушы еді. Дінмұхамед атамyzдың өз аузынан естіген елдің тарихын, оның ішінде Ойық-Ыстырулары туралы тарихи мәліметтерді ерекше әңгімелейтін.

Осы тұста Д.Қонаев атамyzдың өмірін зерттеп, бірнеше әдеби-ғылыми кітаптар жазған Рафаэль ағамызбен бірге өсіп, бір мектепте оқығанын зор мақтанышпен айтып отыратын.

Жетібай ағамыз ұлтжанды, патриотазамат еді. Шамасы 1993-1994 жылдары халық жазушысы, жерлесіміз Шерхан Мұртаза ағамыз Жамбыл облысының халқымен шығармашылық кездесулер өткізу барысында Бесағаш ауылына жолы түсіпті. Басқосу жоғарғы деңгейде өтіп, тұрғындар дән риза болған екен. Кездесуден соң жазушы ағамыз мектеп директорының кабинетіне кіріп, Жәкенмен жақынырақ танысса керек. Кабинетте тізіліп тұрған кітап сөрелерін көріп риза болыпты. Сол мезетте жазушының көзі қабырғадағы ілініп тұрған Дінмұхамед Қонаев атамyzдың суретіне түседі. Сонда жазушы: «Жолдас директор, мен қаншама

мекеме басшыларының кабинеттерінде болдым, барлық жерде Президенттің портреті ілулі тұрғанын көрдім, ал сіздің кабинетіңізде Дінмұхамед ағамыздың суреті тұр», – деп таңқалыпты. Жетібай ағамыз аспай-саспай жазушыға: «Бәріміз білеміз, Дінмұхамед Қонаев асыл тұлға, халқымыздың маңдайына біткен зор бакыт еді. Елім, жерім деп барлық саналы өмірін сарп еткен алып азамат еді, ол кісінің қасиетті әруағы халқымызды әруақыт қолдап жүрсін деп іліп қойдым», – депті. Шерхан Мұртаза директорының айтқанына риза болғаны соншалықты, бауырына басып, арқасынан қағыпты. Жәкеннің мұндай айтулы кездесулері көп болыпты.

Жетібай ағамыз қызметте қандай қадірлі, сыйлы болса, сондай-ақ парасатты, өсіп-өнген отбасының иесі бола білді. Өмірлік жұбайы Сәулемен жартығасырлық тату-тәтті отбасылық өмірлерінде дүниеге 4 ұл, 1 қыз әкелген мерейлі жанұя болды. Жәкеннің өмірін 17 немере, 2 шөбере жалғастырып келеді. Ағамыздың үйіндегі жеңгеміз Сәуле ұзақ жыл мектепте ұстаздық еткен. Өкінішке орай ол да осыдан 5 жыл бұрын бақилық болды. Соның әсері ме, Жәкеннің сол кезден бастап денсаулығы сыр бере бастады. Әр әңгімесінде жан-жарын еске алып, бірге өткізген бакытты кездерін айтып отыратын. Жәкеннің сол әңгімесінен жарына деген құрметі мен сағынышы сезіліп тұратын. Ақынжанды ағамыз жарына өлеңін жазып, оған жергілікті композитор Төлепберген Үрістембеков ән шығарған болатын. Бұл әнді тыңдаған біз еріксіз көзімізге жас алып, ағамызға шынайы ризашылығымызды білдірген едік.

Бұл дегеніміз, адамның кәрі-жасына қарамай махаббаттың құдіреті, жарына деген сүйіспеншілік пен сағыныш, құрметі үлгі болатын адамгершіліктің шыңы, ең жоғарғы асыл қасиеті деп білуіміз керек.

Жетібай ағамыз 2011 жылы үлкен абыроймен құрметті зейнетке шықты. Зейнетке шыққан бойда қол қусырып отырмай, ауданның, ауылдың қоғамдық жұмысына белсене араласты. Ұзақ жыл ұстаз және басшылық қызметте жүрген,

өмірден көргені мен түйгені көп, ақылман ағамыз Бесағаш ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы болып сайланды. Осы абыройлы қоғамдық қызметті үлкен жауапкершілікпен атқара жүріп, ауданның, ауылдың әлеуметтік, рухани дамуына үлкен үлес қосқан қоғам белсендісіне айналды.

Жәкен басшылық еткен кезеңде Бесағаш ауылдық ардагерлер кеңесі ауданымыздағы қоғамдық ұжымдардың ішінде алғы шебінде болды. Ауылдың әлеуметтік-экономикалық, ұлтаралық қатынас, отбасылық және тұрмыстық жағдай, жастарды тәрбиелеу, оларды еңбекке, өнер мен спортқа баулу кеңестің назарынан тыс қалмады. Осы игі істі қазіргі таңда ағамыздың ізбасар инісі, шәкірті Әбдікәрім Ахметов ойдағыдай жалғастырып келеді. Қоғамдық жұмысты ұзақ жыл үлкен жауапкершілікпен атқарған, аудан мен облыста беделі артқан ағамыздың ерен еңбегі жоғары бағаланып, көптеген атақ-дәрежеге ие болды. Атап айтсақ, «Жамбыл ауданының Құрметті азаматы», «Жамбыл облысының Құрметті ардагері», «Жамбыл облысына еңбегі сіңген ардагер» және көптеген медальдар мен төсбелгілер кеудесінде жарқыраған тұлға еді.

Ұлағатты ұстаз, оқу-тәрбие ісінің үздігі, белсенді азамат, парасатты отбасы иесі, қадірменді қарияның құрметіне Бесағаш ауылындағы өзі ұзақ жыл басшылық еткен Абай атындағы орта мектепте арнайы жасақталған сынып кабинетіне ағамыздың есімі берілсе және соңғы кезде Бесағаш ауылының өрісі кеңейіп, жылдам дамып, өсіп келе жатқан ауылдан келешекте бір көшенің атауы берілсе деген тілегіміз бар.

Асыл азамат, асқар таудай ағамыз осындай қимас адам еді. Жетібай ағаның жылдық асы 8 тамызда беріледі. Сол күні ардагерлер және жастар арасында спорттық іс-шаралар ұйымдастырылады. Қазақтың ұлттық ойын түрлерінен турнир де өткізіледі. Асыл ағамызбен көзі тірі кезінде араласқан әріптестерін, шәкірттерін, жолдастарын турнирге атсалысуға шақырамыз.

**Жолдастарының атынан
Рахымберді САЛАМАТОВ.**

Меншік иесі:
«Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясы» ЖШС

Директор:
Айман ТЛЕУКЕЕВА

Бас редактор:
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98

Бас редактормен тікелей
байланыс: 87765549701

**Бас редактордың
орынбасары:**

Жауапты хатшы:

Тілшілер:

Дизайнер-теруші:

**Бас редактордың
орынбасары:**

Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Шұғыла АҚШАБАЙ

Ғалия АЛИЕВА

2-20-24

2-13-44

87059774177

87474240395

87770284244

87075853423

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.
Тіркеу куәлігі №КЗ87VPY00041240

Редакция авторлардың көзқарасы,
жарнама мазмұны үшін жауап
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясында компьютерде теріліп,
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 1998 Тапсырыс №512

Нөмірдің кезекшісі: Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Газет аптасына 2 рет,
сәрсенбі, жұма күндері
шығады.
Газета выходит 2 раза в
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үй.